


**Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің 9 «б» – сыныбының
жылдық етілген тәрбие жұмысының талдауы**

2023-2024 оку жылы

Оқу жылдың аяғын 22 оқушымен аяқтадық. Оның 12 қыз, 10 ұл бала. Оның оқу озаты -3, оқу екпіндісі-5.

Оқу озаты: Куаныш Әли

Оқу екпінділері: Асхатқызы Нұрай, Еркінова Фариза, Жақсылықов Нұрғали, Жарылғасын Мерей, Ибраһим Бақытжамал, Мырзашов Дидар, Султанова Жансая, Сәти Жанерке



2023-2024 оқу жылында жыл бойында сыннып оқушыларын еңбексүйгіштікке, адалдыққа, өз Отанын құрметтеуге, мәдениетті жеке тұлға тәрбиелу мақсатында тәрбие құндылықтарының 3 бағыт бойынша тәрбие жұмыстары жүргізілді. Ата ананың өсietтін тындауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелу.

1. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемелекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келсім, ынтымак және ел біrlігін сақтауга отанышылдық пен мемелекетшілдікке тәрбиелу.
2. Жақсылыққа игілікке бой түзеуге абыройлы болуға ар ұждан намыс, жауапкершілік мейірімділік қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауга баулу және құқықтық мәдениеттің қалыптастыру.
3. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға ойдың тазалығын және эмоцияноалды тұрақтылыққа баулу.
4. Табиағтқа, табиғи мұрага ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелу және еңбекқорлыққа баулу.

Оқу жылында сыннып тәрбие жұмыстары «Біртұтас тәрбие» бағдарламасындағы тәрбие құндылықтары «ҰЛТТЫҚ МУДДЕ», «АР-ҰЯТ», «ТАЛАП» жүзеге асырылды.

Осы құндылықтарды басшылыққа ала отырып жылдық тәрбие жоспары күрылыш жұмыстар атқарылды.

1. Ұлттық мұдде

Мақсаты:

Отанышыл, мемлекетшіл және намысшыл және Мемлекеттік рәміздерді қадірлейтін Елінің тарихын құрметтейтін, ұлттық мәдениетті дәріптейтін, Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосатын, қоғам игілігі үшін қызмет ететін, ұлттық мұраға ұқыпты қарайтын, Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болатын, Ұлттық миасты, мәдениетті дәріппе, құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары бағалайтын азаматтар мен азаматшаларды тәрбиелеу. Осы мақсатқа сәйкес сыныпта «Мәңгілік ел – мәңгілік тіл», «Ұлттық ойындар күні», «Ұлы дала перзентімін», «Ұлттық тәрбие-күндылық бастауы», «Менің елім-Қазақстан», «Тәуелсіздік ел тірегі», «Ұлттық валютамыз- тәуелсіздігіміздің көрсеткіші», «Қазақ даласының ұлы тұлғалары», «Менің елім Қазақстан», «Тарихқа тағзыым», «Сен және зан» тақырыптары бойынша сынып сағаттары өткізілді.

2. Ар-ұят


Мақсаты: Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайтын, сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытатын, ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайтын, өзінің, отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отаның бір мүшесі екенін сезінетін, ісіне адап болатын, адап еңбекті құрметтейтін, шешім қабылдай билетін және жауапкершілікті сезінетін Отбасының, өз ортасының абырайын асыратын, достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болып, мейірімділік танытатын, достарын, сыныптастарын сыйлайтын кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсететін ұрпақты тәрбиелеу. Осы мақсатқа сәйкес, 9 «б» сыныбында сынып сағаттары өткізілді. Атап айттар болсақ, «Оян, ар мен адалдық!», «Алғыс айту күні», «Бәрі ана бір өзіңнен басталады», «Ұлт-достығы басты қазынамыз», «Менің әкем-ең жақсы адам», «Білімім-Отаным» атты сынып сағаттары өткізілді.

3. Талап


Мақсаты: Жан мен тән тазалығын сақтайтын, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінетін, қоршаған орта тазалығын сақтайтын, уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлай билетін, жеке және командамен жұмыс істей билетін, технологиялық және цифрлық дағдыларды билетін, білуге, жаңаны тануға құштар болатын, ақпараттық, ізденімпаз, жасампаз тұлғаларды қалыптастырып, сана-сезімін ұлттық рухта қалыптастыру. Осы жоспарға сәйкес, «Жол ережесін, сақтайық», «Дені саудың жаны сау», «Телефонның зияны мен пайдасы» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Және осы еki сынып бірігіп, жоспардан тыс «Буллинг зардалтары» дебат өткізілді.

24-мамыр күні «Білімім Отаным» атты сынып сағатымен қорытындыланып, «Қауіпсіз жаз, жолда абайла!» ескертпелері бойынша түсіндіру жұмыстарымен жылды қорытындыланды.

Кітапхана – дүниеде ештеңе теңестірілмейтін білім бұлағының көзі. Қоғамның өсуі, адамзаттың өсіп-өркендеуі кітаппен тығыз байланысты. «Кітап – білім бұлағы» демекші, осынау білімнің тұнық та мөлдір бұлағынан шәкірттерді сусындарып, олардың рухани дүниесін молайтып, тағылымы мол тәрбие ошагына айналып отырған кітапхананың мектепте алар орны орасан зор. Жалпы, оқушылардың кітапханамен байланысы сиреп кетті. Көбінесе, онлайн оқулықтарды оқумен қызығушылықтары артып келеді. Жыл бойына оқушылар емтихандарға, МОДО-ға дайындық барысында кітапханамен тығыз байланыс орнатты.




Сыныбымызда әлеуметтік жағдайы бойынша оқушылардың барлық мәліметтері жылдың басында жасалып жинақталды.



Ата-аналар жиналыстары өтіп, сыннып тоқсан сайын қорытындыларын жалпы ата-аналар жиналысында айтылып отырды. 16.02.2024 ата-аналар «Мектеп.Ата-ана.Оқушы» ата-аналар қауымдастырына жиналыс өткіздім, барлығы келіп қатысты. Сонымен қатар мектебіміздің жанына «Ата-

аналарды қолдау» орталығы ашылды. Орталықтың мақсаты оқушылардың ата-әжелерін, ата-аналарын, аға-женгелерін мектеппен тығыз байланыстырып, мектептің ішке өмірне етene байланыстыру. Жалпы ата-аналар жиналышы бойынша жылдық көрсеткіші:




Сыныптың 2024-2025 оқу жылына тәрбие жұмысының міндеттері түр, ейткені осы жылды салыстыра отырып біз мына міндеттер мен мақсаттарды ескереміз.

Мақсаты: Дені сау үлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, ар-ојданы мол, еңбекқор, іскер қасиеттерді сініру.

Міндеттері:

- рухани дүниесі бай, үлттымыздың әдет-ғұрпын, үлттық намысы бар ұрпақ тәрбиелеу;
- қазіргі заманғы қоғамдық өмірге және тиімді кәсіби іс-әрекет пен жеке басының және әлеуметтік кәсіби тұрғыда үздіксіз пісіп жетілуіне қажетті маңызды тұлғалық қасиет қалыптастыру;
- оқушыларды өнерге баулу, талғамдық, патриоттық тәрбие беру;
- салаутты өмір салтын сақтауға оқушыларды тәрбиелеу, үлкенді сыйлау, кішіге қамқорлық жасауға, ілтипатты болуга тәрбиелеу.

Сынып жетекші  Күшпанова И.С.